

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Мектеп кітапханасында Web 2.0 қызметін пайдалану түрлері

ЖАРИЯЛАНДЫ  
24.05.2024СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/154085/>

### Мектеп кітапханасында Web 2.0 қызметін пайдалану түрлері

*Ділдабек Таңшолпан Ерлікқызы*

Алматы қаласы физика-математика  
бағытындағы Назарбаев Зияткерлік  
мектебінің педагог-кітапханашысы

Мектептер мен қоғамды ақпараттандыру жағдайында мектеп кітапханалары үшін басым міндет — олардың жұмысына ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу, бұл кітапхананы қолжетімді, тартымды және тиімді етеді. Әрине, оқуды насихаттауға негізделген кітапхана ісінің үздік дәстүрлері сақталуы тиіс. Мектептердегі ақпараттық технологияның пайда болуымен олардың білім беру мақсаттары да өзгеруде. Осы тұрғыда Назарбаев Зияткерлік мектептер кітапханасы оқу процесін қамтамасыз етіп қана қоймай, оқытушылар мен оқушылардың ақпараттық орталығы болып отыр. Кітапханамыз қазіргі таңда өз қызметінде ақпараттық және мультимедиялық технологиялардың жаңа үлгілерін пайдаланады. Бұл ақпараттық сауаттылық пен мәдениетті арттыру, оқырмандармен жұмыс істеудің жаңа, қызықты түрлерін енгізуге (кітапханалық сабақтар, кештер, музыкалық және әдеби композициялар, медиа сұхбаттар, буктрейлер, мультимедиялық жобалар, виртуалды кітап көрмесі, электрондық дерекқорлар мен жарнамалар және т.б.) мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ақпараттың жаңа формаларын жасауға (кітапхана кеңістігін кеңейту, ақпаратты ұсыну, іздеудің тиімділігін жоғарылату) және кітапхана жинақтарын қажетті басылымдармен қамтамасыз ету, жаңа технологиялық сақтау құралдарымен жұмыс жасау болып табылады. Кітапханашылардың алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі қазіргі уақытта балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуды қаламайтындығы. Ақпараттық технологиялар дәстүрлі ақпарат көздерімен бәсекелесіп отыр. Психологтар технологиялар ғасырында балалардың ақпаратты кітапқа қарағанда әлдеқайда жақсы және жылдам қабылдайтынын дәлелдеген. Дегенмен, біз үшін бұл заманауи технологиялар кітап оқуға

насихаттау, ынталандыру үшін маңызды әлеуетке ие. Осы тұрғыда оқушылармен жұмыс істеудің ең перспективалы бағыттарының бірі — Web 2.0 қызметтерін пайдалану. Бұл әдістер оқырмандардың қызығушылығын арттыратыны сөзсіз. Оқушылардың ақпараттық сауаттылық дағдыларын дамытуға, танымдық қызметтерін қолдауға және олардың зияткерлік дамуының қалыптасуына, сабақ нәтижесінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Өз қызметімізде біз кітапханалық сабақтарда, дәстүрлі емес формадағы іс-шараларда әдебиеттер мен ресурстарды оқып, насихаттау үшін викилер, блогтар, форумдар, геймификация сияқты онлайн интерактивті технологияларды жиі пайдаланамыз. Сабақ процесінде геймификацияны қолданған кезде оқушыларда қызығушылық пен бәсекелестікті арттырады. Сабаққа белсенді қатысады, күрделі тапсырмаларды жеңіл түрде қабылдайды. Геймификация дегеніміз ақпаратты ойын арқылы жеткізу әдісі. Бұл әдісті оқу процесінде барлық пәндерге қолдануға болады. Кітапханалық сабақтарда геймификацияны қолдану үшін әр түрлі бағдарламалармен жұмыс жасаймыз. Соның ішінде LearningApps.org, Plickers, Kahoot т.б.

**LearningApps.org** (<https://learningapps.org/>) – бұл білім беру қосымшасы оқушыларды интерактивті және қызықты формада оқытатын арнайы мультимедиялық бағдарлама. Зияткерлік мектептер кітапханашылары белсенді түрде әр түрлі тақырыптарды оқиғаларға байланысты кескіндер және бағдар бойынша пайдаланамыз: әдеби кештерде, конкурстарда, интерактивті көрмелерде, пән оқытушыларымен кіріктірілген сабақтарда. LearningApps онлайн режимде, қол жетімді үлгілер негізінде түрлі интерактивті жаттығулар жасау және пайдалану қызметін атқарады. Олар: викториналар, әріптермен кроссворд, жұмбақтар құрастыру, пазлдар дайындау, жұбын табу, «миллион кімге бұйырады» және т.б.

LearningApps сияқты электронды білім беру қызметтерін пайдалану кітапхана жұмысының маңызды принциптерін іске асырады және оқырмандардың танымдық процесін тиімді ұйымдастыру үшін қажетті функциялардың жиынтығы бар: интерактивті оқытуды (тікелей кері байланыс) жүзеге асырады, оқушылардың шығармашылық визуалын ашады, оқырман мен кітапхана қызметкерлері арасындағы тікелей қарым-қатынасты қалыптастырады.

**Plickers** - (<https://get.plickers.com/>) статистикалық жұмыс жасау үрдісін жеңілдететін және тест арқылы оқушылардың жауабын лезде бағалап беретін қосымша. Plickers бағдарламасы арнайы QR-кодтар арқылы қолданылады. Тест жүргізу барысында әр оқушыда жеке QR-коды бар қағаз болады. Қағаздың төрт қабырғасы жауаптың төрт нұсқасын білдіреді, оларды бұру арқылы оқушы дұрыс нұсқасын таңдайды. Алдын ала Plickers-ке сыныптың тізімі және тест сұрақтары енгізіледі, сол арқылы әр оқушының сұраққа қалай жауап бергенін оқытушының ұялы телефоны немесе планшетімен сканерлеу арқылы білуге болады. Plickers-те жауаптарды диаграмма арқылы да жасауға болады. Сондай-ақ, оқушылардың сабаққа қатысуын да көруге болады. Бұл бүкіл сыныпты тізім бойынша тексеріп отырғанға қарағанда, сканерлеу арқылы уақытты тиімді пайдалануға септігін тигізеді. Plickers-тің тиімділігі – ол оқу үрдісін өзгертпейді. Ол қосымшаны қолдану үшін компьютерлік сынып және басқа да техника қажет емес, тек қана оқытушының қолында ұялы телефоны немесе планшеты болса болғаны. Сонымен қатар, оқушылардың өзіне де қызықты, себебі

сабақта ойын элементі пайда болады.

Тағы да бір жоғары мүмкіндіктерге ие онлайн бағдарламалардың бірі - **Kahoot** (<https://kahoot.com/>) **деп аталады**. Бұл — мобильді құрылғыларда дұрыс жауабы бар онлайн викториналар мен тесттерді кез келген тақырыптарда құруға болады. Веб сервис оқушының әр тақырып бойынша білімін бекітуге, тексеруге мүмкіндік береді. Бағдарламаны жүргізу барысында оқушылар арасында байқау ұйымдастыруға болады. Қорытындысында оқушылардың жинаған ұпайын берген жауабының дұрыс, бұрыстығын көрсетеді. Сонымен қатар, қашықтан оқыту мақсатында да қолдануға болады. Құрылған тестті әлеуметтік желілер арқылы немесе электронды пошта арқылы сілтемесін жіберіп, басқа әріптестермен бөлісуге болады.

Заманауи кітапханашы - бұл тек дәстүрлі кітапханалық технологиялар мен әдістемелерді білетін маман иесі ғана емес, ақпаратты технологияларды тиімді қолдана алатын жоғары білікті маман.

Кітапханашы бүгін тек кітап әлеміне апаратын жолсерік емес, сонымен қатар қазіргі кезде көпшілігіміз үшін жұмбақ электрондық ресурстар әлемінің онлайн оқу жетекшісі болып отыр. Кітапханашы заманауи ақпараттық технологияларды қолдану арқылы тұлғаның жан-жақты, интеллектуалдық және рухани дамуына мүмкіншіліктер жасайтын тұлға.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.